

Ядролық материалдар, технологиялар, жабдықтар, қондырғылар, ядролық емес арнаулы материалдар, қоса қабат мақсатта пайдаланылатын жабдықтар, материалдар мен технологиялар, радиоактивті сәуле көздері мен изотопты өнімдер экспорты мен импорты туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 9 наурыз 1993 ж. N 183. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қарашадағы № 903 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.11.2015 № 903 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ядролық материалдар, технологиялар, жабдықтар, жерде сирек ұшырасатын және сирек элементтерді, платина тобының металдарын, радиоактивті элементтерін, олардың қорытпаларын, қосылыстары мен оксидтерін қоса, ядролық емес арнаулы материалдар, қоса қабат мақсатта пайдаланылатын материалдар мен технологиялар, радиоактивті иондайтын сәуле көздері мен изотопты өнімдер экспорты мен импортына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Ядролық материалдар, технологиялар, жабдықтар, қондырғылар, ядролық емес арнаулы материалдар, қоса қабат мақсатта пайдаланылатын жабдықтар, материалдар мен технологиялар, радиоактивті сәуле көздері мен изотопты өнімдер экспорты мен импорты туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, Экономминімен, Сырт байланысминімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп бір ай мерзімде осы қаулыдан туындайтын қолданылып жүрген нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс әзірлесін және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары ведомстволық нормативтік актілерді осы қаулыға сәйкестендіретін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі

Бекітілген

**Ядролық материалдар, технологиялар, жабдықтар,
қондырғылар, ядролық емес арнаулы материалдар,
қоса қабат мақсатта пайдаланылатын жабдықтар,
материалдар мен технологиялар, радиоактивті сәуле
көздері мен изотопты өнімдер экспорты
мен импорты туралы
Е Р Е Ж Е**

1. Осы Ереже ядролық материалдардың, технологиялардың, жабдықтардың, қондырғылардың және ядролық материалдар өндіру үшін пайдаланылатын ядролық емес арнаулы материалдардың, қоса қабат мақсатта пайдаланылатын жабдықтардың, материалдар мен технологиялардың, сондай-ақ радиоактивті қалдықтарды қоса алғанда, радиоактивті сәуле көздерінің және изотопты өнімдердің /радиоактивті және жасанды жолмен алынған тұрақты изотоптардың/ Қазақстан Республикасынан экспортталуы мен Қазақстан Республикасына импортталуын реттейді және сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының 2612, 2844, 2845 және 8401 бағыттарына енетін барлық тауарларға қатысты.

Ядролық материалдарды, технологияларды, жабдықтарды, қондырғыларды, ядролық емес арнаулы материалдарды, қоса қабат мақсатта пайдаланылатын жабдықтарды, материалдар мен технологияларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден әкелу мен Қазақстан Республикасынан әкету бұдан әрі ядролық импорт және ядролық экспорт деп аталады.

Осы Ереже осы Ереженің 1 және 2-қосымшаларындағы Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің /МАГАТЭ/ терминдері мен анықтамаларында көрсетілген ядролық материалдар, технологиялар, жабдықтар, қондырғылар және ядролық материалдарды өндіру үшін пайдаланылатын ядролық емес арнаулы материалдар, қоса қабат мақсатта пайдаланылатын жабдықтар, материалдар мен технологиялар тізбесіне таратылады.

2. Осы Ережемен реттелетін ядролық экспорт пен ядролық импорт Қазақстан Республикасының Экономмині белгілейтін квоталар шегінде, Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігімен алдын ала келісіліп

белгіленген үлгідегі өтініштер негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі беретін лицензиялар бойынша жүзеге асырылады. Лицензиялар атом энергиясын пайдалану саласында белгілі бір қызмет түрін жүргізуге, соның ішінде тиісті материалдарды өндіруге, пайдалануға, сақтауға немесе тасымалдауға Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінен рұқсат алған заңды ұйымдарға беріледі.

3. Ядролық экспортқа лицензиялар беру өтініштерін келісу үшін Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне:

а/ ядролық экспорт заттарын дайындаушыны көрсететін, ал ядролық материалдар мен радиоактивті сәуле көздері үшін - оның тиісті өндірістік қызметке хұқығын растайтын;

б/ ядролық экспорт заттарының өнім дайындаушыдан лицензияны ұсынушыға берілгенін және олардың шетелге берілуіне дайындаушы тарапынан шектеулер жоқ екенін растайтын;

в/ ядролық материалдар мен радиоактивті сәуле көздерінің экспорты кезінде - өтініш жасаушының оларды қолдану жөнінде тиісті қызметке хұқығын растайтын;

г/ ядролық экспорт заттарын алушы елге беру туралы алдын-ала жазылған контрактін /келісімді/;

д/ төмендегі 4-7-тармақтардағы шарттардың орындалуын растайтын құжаттарды табыс ету қажет.

4. Қазақстан Республикасынан ядролық экспорт ядролық қаруды таратпау туралы шарттың және Қазақстан Республикасы қатысатын басқа да халықаралық шарттардың, келісімдер мен уағдаластықтардың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Ядролық қаруы жоқ елдерге ядролық экспортты мұндай елдердің құзіретті мемлекеттік органдары тарапынан өздері алған ядролық экспорт заттарын, сондай-ақ солардың негізінде немесе соларды пайдалану нәтижесінде өндірілген ядролық материалдар мен ядролық емес арнаулы материалдарды, қондырғылар мен жабдықтарды:

а/ ядролық қарулар мен басқа ядролық жарылғыш қондырғылар өндіру үшін немесе қайсібір әскери мақсатқа жету үшін пайдаланбауға;

б/ алушы ел мен МАГАТЭ арасындағы кепілдіктер туралы келісімдерге сәйкес оларды іс жүзінде пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде МАГАТЭ бақылауында /кепілдігінде/ болуға;

в/ МАГАТЭ ұсынғаннан кем түспейтін деңгейде нақты қорғаныс шараларымен қамтамасыз етуге;

г/ осы тармақта көзделген шарттарда ғана алушы елден қайтадан экспортқа шығарылады /экспортталады/ немесе оның құзырынан алынады; 20 проценттен

астам байытылған уран, плутоний немесе ауыр су жағдайында ядролық экспорт заттары Қазақстан Республикасы энергиясы жөніндегі агенттігінің жазбаша келісімі болған жағдайда ғана қайта экспортталады немесе беріледі.

6. Осы Ереженің 5-тармағында көзделген уәкілдерді алушы елдің мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасынан берілетін нақты өнімдерге байланысты осындай міндеттемелерді өздерінің растауы жолымен немесе қолданылып жүрген көп жақты не екі жақты шарттар, келісімдер және алушы ел мен Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын басқа да шарттық-хұқылық актілер бойынша міндеттемелеріне сілтеме жасау жолымен ресімдеуге тиіс. Бұл уәделердің жоғарыда 5-тармақта көрсетілген міндеттемелерге сәйкестігін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі белгілейді. Мұндай уәделер осы Ереженің 3-қосымшасында аталған ядролық материалдар мен ядролық емес арнаулы материалдарға қатысты талап етілмейді.

5-тармақта көзделген уәделер табыс етілмеген жағдайда ядролық экспорттың дұрыстығы мен шарттары туралы мәселені Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі шешеді.

7. Экспорттайтын ұйым ядролық экспорт заттарының мерзімінде және осы Ереженің N 4 қосымшасындағы ережелерге сәйкес тиеп жөнелтілгенін Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне хабарлауға міндетті. Ядролық экспорт заттары үшін жауапкершілік алушыға берілгенге дейін экспорттаушы ұйым оларды МАГАТЭ ұсынғаннан кем түспейтін деңгейде нақты қорғаныс шараларымен қамтамасыз етуге жауап береді.

Осы тармақта аталған талаптар бұзылған жағдайда ядролық экспортқа берілген лицензияның күші жойылып, экспорттаушы ұйым оның бұзылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады, оған жаңа лицензиялар лицензияның күші жойылғаннан кейін ерте дегенде 1 жылдан соң берілуі мүмкін.

8. Алушы ел осы Ереженің 5-тармағында көзделген уәделерді бұзған жағдайда мұндай елге Қазақстан Республикасынан жасалатын ядролық экспорт аталған бұрмалаушылық жойылған кезге дейін тоқтатылуға тиіс. Экспорттың тоқтатылуымен бір мезгілде Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен және Атом энергиясы жөніндегі агенттігімен бірлесе отырып, халықаралық хұқық нормаларына және халықаралық шарттарға сәйкес алушы елдің өзі қабылдаған міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады.

9. Ядролық экспортқа лицензиялар беруді сұраған өтініштерді келісу үшін Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне:

а/ ядролық материалдар мен радиоактивті сәуле көздері импорты жағдайында - өтініш жасаушының оларды қолдану жөніндегі тиісті қызметке хұқығын растайтын құжаттарды;

б/ ядролық экспорт заттарын Қазақстан Республикасына беру туралы алдын ала жазылған контрактіні /келісімді/;

в/ медицина қолдануға арналған радиоактивті сәуле көздері мен изотопты өнім импорты жағдайында - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің оларды пайдалануға рұқсатын;

г/ ядролық импорт жағдайында - импортталып отырған заттар арналған ұйымның /кәсіпорынның/ мекен-жайы көрсетілетін және 10-тармақтың талаптарын сақтау міндеттемесін растайтын құжаттар табыс етілуі қажет.

10. Импорттаушы ұйым ядролық импорт заттарының мерзімінде және осы Ереженің N 4 қосымшасындағы ережеге сәйкес алынғаны туралы Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне хабарлауға міндетті. Ядролық импорт заттары МАГАТЭ ұсынғаннан кем түспейтін деңгейде нақты қорғаныс шараларымен қамтамасыз етілуге тиіс; ол заттар жөнінде олардың мөлшері мен қай жерде екенін кез келген уақытта анықтауға мүмкіндік беретін есеп құжаттары жүргізілуге тиіс; оларды Қазақстан Республикасынан қайта экспорттау ядролық экспортқа қойылатын осы Ережеде көрсетілген талаптарды сақтай отырып, белгіленген тәртіппен берілетін лицензиялар бойынша Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің рұқсатымен ғана жасалуы мүмкін.

Осы тармақтың тараптары бұзылған жағдайда оның бұзылғаны үшін импорттаушы ұйым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады, ядролық импортқа берілген лицензияның күші жойылды және жаңа лицензиялар лицензияның күші жойылғаннан кейін ерте дегенде 1 жылдан соң берілуі мүмкін.

11. Экспорттаушы ел Қазақстан Республикасынан ядролық импорт заттарын пайдаланудың бейбіт сипатына, оларды нақты қорғау және қайта экспорттаудың ережелеріне қатысты, сондай-ақ /Қазақстан Республикасының кейбір екі жақты уағдаластықтарына сәйкес/ оларды МАГАТЭ кепілдіктерімен қамтуға қатысты уәделер беруді талап еткен жағдайда мұндай уәделер беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі шешеді.

12. Осы Ереженің күші жүрмейтін ядролық экспорт пен ядролық импорты реттеу мәселелерін мүдделі мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігімен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті шешеді.

Ядролық материалдар, технологиялар,

жабдықтар, қондырғылар, ядролық
емес арнаулы материалдар, қоса қабат
мақсатта пайдаланылатын жабдықтар,
материалдар мен технологиялар,
радиоактивті сәуле көздері мен
изотопты өнімдер экспорты мен импорты
туралы Ережеге
N 1 Қосымша

Ядролық материалдар, технология, жабдықтар, қондырғылар
және ядролық емес арнаулы материалдар

1. Ядролық материалдар - уран /айырылған, табиғи немесе байытылған, уран 233-ті қоса/, плутоний мен торий, осы заттардың металл қорытпа, химиялық түзіліс, концентрат, жаңа немесе жұмыста пайдаланылған реакторлық отын нысанындағы кез келгені.

2. Технология - жария баспасөзде жарияланған ақпаратты қоспағанда, ядролық материалдарды, жабдықтарды, қондырғыларды және ядролық емес арнаулы материалдарды жобалау, өндіру, пайдалану немесе сынау үшін пайдаланылуы мүмкін кез келген түрдегі ақпарат /материалдар мен жабдықтардың және мамандарды оқыту кезінде берілетін мәліметтердің үлгілерін қоса/.

3. Жабдықтар мен қондырғылар - ядролық немесе ядролық емес арнаулы материалдарды өндіруге, ұқсатуға /өңдеуге/ не пайдалануға арнайы арналған немесе солар үшін дайындалған жабдықтарды немесе олардың жекелеген бөлшектерін дайындау үшін пайдаланылуы мүмкін техникалық құралдарды қоса, соның ішінде:

3.1. Ядролық реакторлар мен реактор жабдықтары, соның ішінде:

3.1.1. Қуаты нольдік реакторларды қоспағанда, өздігінен жүріп жататын тізбекті бөлшектену реакциясының бақыланатын режимінде жұмыс істеуге қабілетті комплектілі ядролық реакторлар.

3.1.2. Ядролық реактордың активті аймағына орналастыруға арнайы арналған немесе сол үшін дайындалған және бірінші контурлы жылу көздерінің жұмыс қысымына төтеп бере алатын құрастырылған жоғарғы қысымды реактор корпустары немесе олардың дайын негізгі бөлшектері.

3.1.3. Жұмыс істеп тұрған ядролық реакторға отын тиеуге немесе одан отынды алуға арнайы арналған немесе сол үшін дайындалған не тоқтатылып қойылған реакторда отын тиеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін бөлшектерді дәл бағдарлауға немесе орналастыруға техникалық мүмкіндіктері

бар, реактор отынын тиеу мен түсіруге арналған машиналар.

3.1.4. Ядролық реактордағы реакцияның жылдамдығын бақылауға арнайы арналған немесе сол үшін дайындалған реакторлық басқару өзектері.

3.1.5. Жұмыс қысымы 50 атмосферадан асқан жағдайда реактордағы отын элементтері мен бірінші контурлы жылу көздерін орналастыруға арнайы арналған немесе сол үшін дайындалған жоғары қысымды реактор трубалары.

3.1.6. Салмағы жөнінен гафнийдің цирконийге қатынасы 1 : 500-ден кем реакторға арнайы арналған немесе сонда пайдалану үшін дайындалған цирконий трубалар немесе металл күйіндегі цирконийден немесе оның қорытпаларынан жасалған трубалардың құрамалары.

3.1.7. Ядролық реакторлардың бірінші контурлы жылу көздері болып табылатын сұйық металл айналасын ұстауға арнайы арналған немесе сол үшін дайындалған бірінші контурлы сораптар.

3.2. Сәуле алған отын элементтері мен жабдықтарды қайта өңдеу жөніндегі, арнайы соған арналған немесе сол үшін дайындалған қондырғылар, соның ішінде :

3.2.1. Металл кесу үшін арнайы құрастырылған қайшылар сияқты, сәуле алуға жол ашатын материалға отын элементтерін бөлшектеу мен ұсақтауға арналған жабдықтар.

3.2.2. Аумалылық тұрғысынан қауіпсіз, ядролық материал азот қышқылында ерітілетін ерітінді бактері.

3.2.3. Сығындыға арналған жабдық.

3.2.4. Химиялық құрамдарды аралық кезеңде және ұзақ мерзімде сақтауға арналған ыдыстар.

3.2.5. Плутоний нитратын плутоний тотығына айналдыру жөніндегі кешендер .

3.2.6. Металл плутоний өндіруге арналған кешендер.

3.3. Ядролық материалдар тасқынын тікелей өңдейтін немесе бақылайтын немесе қабық ішінде ядролық материалды саңылау қалдырмай ұстайтын жабдықтарды қоса, отын элементтерін дайындау жөніндегі қондырғылар.

3.4. Уран изотоптарын бөліп алу қондырғылары және арнайы осыған арналған немесе сол үшін дайындалған жабдықтар, соның ішінде:

3.4.1. Газ центрифугалары, сондай-ақ олардың айналып тұратын және қозғалмайтын бөлшектерін қоса, газ центрифугаларында пайдалануға арнайы арналған немесе сол үшін дайындалған бөлшектер.

3.4.2. Өнім мен "қалдықтарды" бөліп шығару жүйесін, труба-құбырлары жүйесін қоса, изотопты байыту жөніндегі орталықтан тебетін газ қондырғыларына арналған жабдықтар, бөлшектер мен қосымша жүйелер және уран гексафториді тасқынына арналған масса-спектрометрлер.

3.4.3. Саңылаулы сүзгілерді, диффузор камераларды, компрессорларды /газ үрлегіштерді/ қоса, газ-диффузиялық байыту жағдайында пайдалануға арнайы арналған немесе сол үшін дайындалған тораптар мен бөлшектер олардың толқынын тығыздау және уран гексафторидіне арналған жылу алмастырғыштар.

3.4.4. Өнім мен "қалдықтарды" бөліп шығару жүйелерін, труба-құбырлары жүйелерін, вакуум жүйелерін, уран гексафторидінің тасқынына арналған ысырмалар мен масса-спектрометрлерді қоса, изотоптық байыту жөніндегі газ-диффузиялық қондырғыларға арналған жабдықтар, бөлшектер мен қосымша с и с т е м а л а р .

3.4.5. Реактивтік сору, құйындатып бөлу және басқа әдістермен бөлу ж ү й е л е р і .

3.5. Ауыр су, дейтерий және оның қосындыларын өндіруге арналған зауыттар мен қондырғылар және арнайы соған арналған немесе сол үшін дайындалған ж а б д ы қ т а р , с о н ы ң і ш і н д е :

3.5.1. Диаметрі 6-9 м су-күкіртті сутегінің алмастырмалы колоннасы және арнайы су-күкіртті сутегі алмасу технологиясын пайдалана отырып, ауыр су өндіруге арналған немесе сол үшін дайындалған, құрамында 70 проценттен астам су-күкіртті сутегі бар газға арналған компрессорлар /газ үрлегіштер/.

3.5.2. Аммиак-сутегі алмасу технологиясын пайдалана отырып, ауыр су өндіруге арнайы арналған немесе диаметрі 1,5-2,5 м аммиак-сутегі алмасу колонналары, колонналардың ішкі жабдықтары мен сатыаралық сораптары, аммиак крекингіне арналған қондырғылар және байытылған газ тәріздес дейтерийді ауыр суға айналдыруға арналған каталитикалық шілтерлер.

3.5.3. Дейтерийдің 90 процентке тең және одан жоғары шоғырлануы жағдайында сутегі-дейтерий арақатынасына жедел талдау жасауға арналған абсорбцияның инфрақызыл талдағыштары.

4. Ядролық емес арнаулы материалдар:

4.1. Дейтерий және ауыр су:

Дейтерий, ауыр су /дейтерийдің қос тотығы/ және дейтерийдің сутегіне арақатынасы 1 : 5000-нан асып түсетін басқа да кез келген дейтерий қосылысы.

4.2. Ядролық таза графит:

Жиілік дәрежесі бор эквивалентінің 5 миллиондық бөлігінен жоғары, тығыздығы 1,50 г текше сантиметрден астам графит.

4.3. Саңылаулы сүзгілері 3.4.3. тармақ бойынша дайындауға арналған м а т е р и а л д а р :

Никельді немесе құрамындағы 60 проценттен астам никель қорытпасын, жиілігі 99,9% немесе одан да көп, бөлшектерінің көлемі 10 мкм-дан аз және бөлшектер көлемінің біртектілігі жоғары дәрежеде болатын алюминий тотығы немесе толық фторланған көмірсутекті полимерлерді қоса, уран изотоптарының

газ-диффузиялық бөліп шығару үшін саңылаулы сүзгілер жасауға арнайы дайындалған химиялық қосылыстар немесе ұнтақтар.

Ядролық материалдар, технологиялар,
жабдықтар, қондырғылар, ядролық
емес арнаулы материалдар, қоса қабат
мақсатта пайдаланылатын жабдықтар,
материалдар мен технологиялар,
радиоактивті сәуле көздері мен
изотопты өнімдер экспорты мен импорты
туралы Е р е ж е г е
N 2 қ о с ы м ш а

Ядролық қызметке қатысы бар қоса қабат
мақсаттағы материалдар

1.1. Сыртқы диаметрі 75 миллиметрден /3 дюймнен/ астам болатын трубалар немесе өзекшелер /шыңдалғандарды қоса/ түріндегі, 460 МПа /0,46X10⁹Н/м/ дейінгі немесе 293 К /20 С/ жағдайында болатын, созылғыштағы шектеулі а л ю м и н и й қ о р ы т п а .

Техникалық ескертпе: "төтеп бере алатын" деген тіркесте термиялық өңдеуге дейінгі және одан кейінгі алюминий қорытпасы айтылып отыр.

1.2. Мынадай түрдегі бериллий: металл, салмағы бойынша құрамында 50 проценттен астам бериллий бар қорытпалар, қосындылар және одан жасалған бұйымдар бар қосылыстар, бұған мыналар қосылмайды:

- а/ рентген құрылғыларына арналған металл терезелер;
- б/ электронды компонент бөлшектері үшін әзірленген дайын бұйым немесе жартылай фабрикаттардағы немесе электронды схемаларға арнап салған нәрсе ретіндегі тотық нысандары.

Техникалық ескертпе: бұл бақылау, жоғарыда айтылғанындай, құрамында бериллий қалдықтар мен металл сынықтарына қатысты.

1.3. Құрамында күміс өте аз /миллионға шаққанда 10 бөліктен кем/, жиілігі жоғары /99,99 процент немесе одан жоғары/ висмут.

1.4. Бор және бор қосылыстары, бор енгізілген, құрамындағы бор 10 изотопты салмағы бойынша толық бор құрамынан 20 процент асып түсетін қоспалар мен м а т е р и а л д а р .

1.5. Магнийден басқа - салмағы жөнінен құрамындағы металл қоспалары миллионға шаққанда 1000 бөлікке жетпейтін және бордың 10 бөлігіне жетпейтін кальций / жиілігі жоғары / .

1.6. Хлор трифториді /ClF₃/.

1.7. Сілтілі сұйық металдардың ықпалына төзімді материалдардан жасалған ыдыстар, оларға мыналар кіреді:

а/ жиілігі 98% немесе одан жоғары материалдармен жасалған немесе қапталған, көлемі 150 мл-ден 8 л-ге дейінгі мына ыдыстар:

1/ кальций фториді /CaF₂/

2/ кальций цирконаты /метацирконат/

3/ церий сульфиді /Ce₂S₃/

4/ эрбий тотығы /Er₂O₃/

5/ гафний тотығы /HfO₂/

6/ магний тотығы /MgO/

7/ нитридті ниобий-титан-вольфрам қорытпасы /шамамен 50 процент Nb, 30 процент Ti, 20 процент W/

8/ иттрий тотығы /Y₂O₃/

9/ цирконий тотығы /ZrO₂/

б/ тазалығы 99,9 процент және одан жоғары, танталдан дайындалған немесе сонымен қапталған, көлемі 50 мл-ден 2 л-ге дейінгі ыдыстар;

в/ танталдан /тазалығы 98 процент немесе одан жоғары/ дайындалған немесе сонымен қапталған, карбид нитрид немесе тантал бориді /немесе олардың кез-келген құрамасы/ жалатылған, көлемі 50мл-ден 2 л-ге дейінгі ыдыстар.

1.8. а/ "үлестік модулі" /12,7x10⁻⁶/ м және одан жоғары немесе "үлестік сызғыштығы" /23,5x10⁻⁴/ м және одан жоғары көмір текті немесе арамидті" талшықты және жіп тәрізді материалдар;

б/ "үлестік модулі" /3,18x10⁻⁶/ м және одан жоғары немесе "үлестік сызғыштығы" /7,62x10⁻⁴/ м және одан жоғары шыны тектес "талшықты және жіп тәрізді" материалдар;

в/ жоғарыда 1,8 тармағында аталған "талшықты және жіп тәрізді" материалдардан дайындалған, ішкі диаметрі 75 миллиметрден /3 дюймен/ 400 миллиметрге /16 дюймен/ дейін жететін композиттік материалдардан жасалған т р у б а л а р .

Техникалық ескертпелер:

а/ "Талшықты және жіп тәрізді материалдар" деген термин үздіксіз тек талшықты жіптер, үздіксіз жгут және таспа жатады;

б/ "үлестік модуль" - Н/м³ үлес салмағына бөлінген, температурасы 23+/-2С және салыстырмалы ылғалдылығы 50+/-процент жағдайында өлшеніп, Н/м² есебімен алынған 10 нг модулі;

в/ "үлестік созылғыштығы" - Н/м³ үлес салмағы бөлінген, температурасы 23+/-2С және салыстырмалы ылғалдылығы 50+/-5 процент жағдайында өлшеніп, Н/м² есебімен алынған созылғыштығы шектеулі беріктік.

1.9. Мынадай түрлердегі гафний: металл, қорытпа және құрамындағы салмағы жөнінен гафний 60 проценттен асатын қосылыстар мен олардан жасалған бұйымдар.

1.10. Мынадай түрлердегі литий /литий-6 изотоппен байытылған/:
а/ құрамында табиғи күйінен 7,5 атом процент көбірек шоғырланған байытылған литий-6 бар литий гидридi немесе қорытпа;

б/ термолюминисцентті дозиметрлердегі литий-6 есептелмегенде литий-6 / қосылыстарын, қоспалары мен концентраттарын қоса/ изотопымен байытылған литий бар басқа да кез-келген материалдар.

1.11. Кальцийді есептемегенде, металл қоспаларының салмағы жөнінен миллионға шаққанда құрамында көп дегенде 200 бөлшек және бордың көп дегенде 10 бөлшегі бар магний /тазалығы жоғары/.

1.12. Линиялық мөлшерінің бірде-біреуі 75 миллиметрден аспайтын бұйымдарды қоспағанда, шектеулі созылғыштық берiктігі 2050 МПа /2,050x10⁹ Н/м²/ /300000 қадақ/шаршы дюйм/ немесе температура 293 К /20С/ жағдайында одан да жоғары болатын мартенситті-ескіруші болатын.

Техникалық ескертпе: "... болат" деген сөздер термиялық өндеуге дейінгі және одан кейінгі мартенситті-ескіруші болатты білдіреді.

1.13. Медициналық аспаптар құрамындағы радийді қоспағандағы радий-226.

1.14. Сыртқы диаметрі 75 миллиметрден /3 дюймнен/ астам трубалар немесе өзекшелер /шындалғанын қоса/ түріндегі, шектеулі созылғыштық берiктігі 900 МПа /0,9x10⁹ Н/м²/ /130500 шаршы қадақ/дюйм/ немесе 293 К /20 С/ жағдайында одан да жоғары болатын титан қорытпасы.

Техникалық ескертпе: "... титан" деген сөз термиялық өндеуге дейінгі және одан кейінгі титанды білдіреді.

1.15. Вольфрам, оның ішінде вольфрамнан, вольфрам карбитінен немесе салмағы 20 килограмнан асатын 90 проценттен астам вольфрам, ішкі диаметрі 100 миллиметрден /4 дюймнен/ артық, бірақ көп дегенде 300 мм /12 дюйм/ болатын қуыс симметриялық цилиндр сияқты /цилиндр сияқты сегменттерді қоса / вольфрам қорытпаларынан жасалған бұйымдар, бұған гамма-сәуле коллиматорларында пайдалану үшін арнайы дайындалған бөлшектер қосылмайды.

1.16. Цирконий, оның ішінде: металл, құрамында салмағы жөнінен цирконий 50 проценттен асатын қорытпалар және құрамындағы гафний мөлшерінің цирконий мөлшеріне қатынасы салмағы жөнінен кем дегенде 1 : 500 болатын қосылыстар мен олардан жасалған бұйымдар; бұған қалыңдығы 0,10 миллиметрден /0,004 дюймнен/ аспайтын фольга түріндегі цирконий қосылмайды.

Техникалық ескертпе: бұл ереже құрамында белгілі бір мөлшерде цирконий

қалдықтары мен сынықтары қатысты.

Ядролық материалдар, технологиялар, жабдықтар, қондырғылар, ядролық емес арнаулы материалдар, қоса қабат мақсатта пайдаланылатын жабдықтар, материалдар мен технологиялар, радиоактивті сәуле/көздері мен изотопты өнімдер экспорты мен импорты туралы Ережеге

N 3 Қосымша

Ереженің 6-тармағынан ерекшелік берілетін ядролық, ядролық емес арнаулы материалдар, жерде сирек кездесетін элементтер мен сирек металдар, платина тобындағы металдар, радиоактивті элементтер

1. Ядролық материалдар:

Жекелеген алушы ел үшін календарлық жыл ішінде "а" тармақшасында көрсетілген шектен аспайтын мөлшерлер және "б" тармақшасында көрсетілген материал.

а/ соның ішінде уран-233 - тиімді 50 граммды /тиімді граммен есептелетін салмақ грамм есебімен алынған уран салмағын байыту квадратына көбейту арқылы алынады/ қоса, байытылған уран.

плутоний	- 15 г,
табиғи уран	- 500 кг,
айырылған уран	- 1000 кг,
торий	- 1000 кг.

б/ плутоний-238 изотопты шоғырлануы 80 проценттен астам плутоний.

2. Ядролық емес арнаулы материалдар:

а/ дейтерий, ауыр су және басқа дейтерий қосылыстары: жекелеген алушы елдер үшін календарлық жыл ішінде 40 килограмнан аспайтын дейтерий атомдары /200 кг ауыр су/.

б/ ядролық таза графит:

жекелеген алушы елдер үшін календарлық жыл ішінде 15 метрлік тоннадан аспайды;

в/ 3.4.3. тармақ бойынша саңылаулы сүзгілер дайындауға арналған материалдар.

1 - қосымша:

жекелеген алушы ел үшін календарлық жыл ішінде 5 метрлік тоннадан

а с п а й д ы .

3. Сирек кездесетін жер элементтері: скандий /Sc/ иттрий /Y/, лантан /La/, церий /Ce/, празеодим /Pr/, неодим /Nd/, прометрий /Pm/, самарий /Sm/, европий /Eu/, гадолиний /Gd/, тербий /Tb/, диспрозий /Dy/, гольмий /Ho/, эрбий /Er/, тулий /Tm/, иттербий /Yb/, лютеций /Lu/ - металл, оксидтерді қоса, құймалар мен қосындылар .

4. Сирек кездесетін металдар: литий /Li/, бериллий /Be/, ванадий /V/, галлий /Ga/, германий /Ge/, селен /Se/, рубидий /Rb/, цирконий /Zr/, ниобий /Nb/, молибден /Mo/, индий /In/, теллур /Te/, цезий /Cs/, гафний /Hf/, тантал /Ta/, вольфрам /W/, рений /Re/, таллий /Tl/ - оксидтерді қоса, металл, құймалар мен қосындылар .

5. Платина тобының металдары: рутений /Ru/, родий /Rh/, палладий /Pd/, осмий /Os/, иридий /Ir/, платина /Pt/ - оксидтерді қоса металл, құймалар мен қосындылар .

6. Радиоактивті элементтер: полоний /Po/, радий /Ra/, актиний /Ac/, торий /Th/, протактинит /Pa/, уран /U/, трансурандық элементтер - оксидтерді қоса металл, құймалар мен қосындылар.

Ядролық материалдар, технологиялар,
жабдықтар, қондырғылар, ядролық емес
арнаулы материалдар, қоса қабат мақсатта
пайдаланылмайтын жабдықтар, материалдар
мен технологиялар, радиоактивті сәуле
көздері мен изотопты өнімдер экспорты
мен импорты туралы Ережеге

№ 4 Қосымша

Ядролық экспорт пен импорт жөнінде ақпарат жіберу

1. Ядролық материалдар мен ядролық емес арнаулы материалдарды экспортқа шығаруды жүзеге асыратын және оларды импорт бойынша алатын, сондай-ақ технологияны, жабдықтар мен қондырғыларды дербес немесесыртқы сауда ұйымдары арқылы жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне мына мекен-жай бойынша хабарланады :

480091 Алматы қаласы,
Республика алаңы, 4

Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі

Телефондар: /3272/ 62-53-03, 62-60-40

Телефакс: /3272/ 62-53-03

2. Ядролық материалдар экспорты немесе импорты туралы хабар Қазақстан

Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне материал тобының жөнелтілген немесе алынған нақты күнінен кейін 5 күннен кешіктірмей жіберіледі. Хабарлау үшін Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінен күні бұрын толтыруға арналған нұсқаулармен қоса сатып алынатын стандартты нысан пайдаланылады.

3. Ядролық емес арнаулы материалдар экспорты мен импорты туралы хабар Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне материал тобының жөнелтілген және алынған нақты күнінен кейін 5 күннен кешіктірмей жіберіліп, онда мынадай ақпарат көрсетіледі:

Экспорт /импорт/ туралы хабар

- материал тобының атауы /нөмірі/

- материалдың салмағы

- жөнелтуші /ел және ұйым/

- алушы /ел және ұйым/

- жөнелтілген /экспорт үшін/ немесе алынған /импорт үшін/ күні.

4. Технология, жабдықтар және қондырғылар экспорты жағдайында хабар Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне экспорт затын беру аяқталғаннан кейін 30 күннен кешіктірмей еркін текст түрінде жіберілуге тиіс. Егер тиіп жөнелту ұзақ уақыт кезеңі ішінде /бір жылдан астам/ жүргізілетін болса, онда хабар өткен жылы нақты тиіп жөнелтілген экспорт заттары туралы деректермен бірге, календарлық жыл аяқталғаннан кейін 30 күннен кешіктірмей жіберіледі.